

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдарының библиографиясы

Шамғонов
Әскерғали
Шамғонұлы

Орал - 2011

Жәңгір хан атындағы
Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Ғылыми кітапхана

Шамғонов
Әскерғали
Шамғонұлы
Биобиблиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

Орал - 2011

Құрастырған: Абдулова Р. Г., ғылыми кітапхананың бөлім жетекшісі
Кудабаева Г.А., ғылыми кітапхананың сектор жетекшісі

Шығаруға жауапты: Есенаманова А. Б., ғылыми кітапхананың директоры

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Шамғонов Әскерғали Шамғоновқа арналған.

Биобиблиографияда жинақталған материалдар профессор Ә. Ш. Шамғоновтың еңбек және ғылыми-педагогтік қызметтегі жолын қамтиды. Арнайы айдарларда Ә. Ш. Шамғоновтың әріптестері мен жолдастарының естеліктері, ғалымның басшылығымен қорғалған авторефераттар мен магистрлік диссертациялардың тізімі баяндалған. «Ғылыми еңбектер» айдарында ғалымның 1972-2010 аралығында жазылған ғылыми еңбектерінің тізімі берілген. Ғылыми еңбектер мерзімдік тәртіппен реттелген. Ғалымның экономика, есеп ғылымдары саласындағы жазған көптеген ғылыми еңбектері ауыл шаруашылық өндірісінде, оқытушылар мен студенттер арасында кеңінен пайдалануда.

Көрсеткішті құрастыру барысында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ғылыми кітапханасындағы каталогтар мен картотекалар пайдаланды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, ауыл шаруашылық мамандарына, оқытушылар мен студент қауымына арналады.

Мәліметтер 2010 жылдың желтоқсан айына дейін жинақталған.

Предисловие

Имя ученого Аскерғали Шамгоновича Шамгонова вошло в историю Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана и экономической науки Казахстана. Его труды в области экономики и учета, организации сельскохозяйственного производства в условиях рыночной экономики востребованы студентами и молодыми учеными нескольких поколений.

Указатель открывается кратким очерком о научной, научно-организационной и общественной деятельности А. Ш. Шамгонова. В специальной рубрике даны описания авторефератов и магистерских диссертаций, выполненных и защищенных под руководством А. Ш. Шамгонова. Раздел “Список научных трудов” включает все работы ученого с 1972 по 2010 гг. Работы расположены в хронологическом порядке, внутри - в алфавитном порядке.

При составлении указателя были использованы каталоги и картотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и студентов, библиотечных работников. Отбор материала закончен в декабре 2010 г.

Экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Ә. Ш. Шамғонұлының өмірі мен іс-қызметі туралы очерк

Әскерғали Шамғонов 1941 жылы 30-шы қаңтарда Батыс Қазақстан Облысы Қаратөбе ауданының Темірбек ауылында жұмысшы отбасында өмірге келді.

Балалық шағын елдің ең ауыр кезеңінде өткізген. Ә. Ш. Шамғонов бүгін елге танымалы ғалым, педагог, азамат. Әкеден ерте айрылып, шешенің тәрбиесінде өскен ұл, балалық шағынан ұстамды, тәртіпті болатыны қақ. Ел соғыстан жаңа шығып, тұрмыс тауқыметі ауыр-ақ болғанмен, әр отбасы балаларын оқытуға ұмтылды. Қоғамда да сондай тәртіп, талап болды. Әр қазақтың баласына әліппе танытып қана қоймай, орта, одан да жоғары дәрежеде білім алуға мүмкіндіктер жасалды. Әскерғали Шамғонов та елдегі осы үрдіс шеңберінде білімге, ғылымға ұмтылды. Бастауыш сыныптардан бастап – ақ жаяулап жалпылап жүріп 1957 жылы Қаратөбе орта мектебін үздік-күміс медалмен бітіріп, үлкен жолға түсті. Адам мүмкіншілігі алты жасар баланың басында сұрыпталып үлгереді деген тегін емес, тұрмыс ауыртпалығы біреуді қажытып мойытса, Әскерғали Шамғонұлы ел болашағына, өз мүмкіндігіне сенді.

1961-1964 жылдары әскер қатарында өз борышын өтеп, 1964 жылы Саратов экономикалық институтына оқуға түседі, бірақ отбасы жағдайына байланысты Батыс Қазақстан ауыл-шаруашылық институтына ауысады, «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығына қабылданады. 1967 жылы «Бухгалтерлік есеп және ауыл-шаруашылығы статистикасы» кафедрасы ашылып алғашқы 50 маман қатарында Ә. Ш. Шамғонов 1968 жылы үздік диплом алып шығады.

1960 жылдардың екінші жартысы, ауыл-шаруашылығы пайдасын ұлттық табыста қайта бөлу, ауыл-шаруашылық өніміне сатып алу бағаларын арттыру жөнінде реформалар басталды. Бұл реформаның маңызды элементі ауыл-шаруашылығын басқарудың әкімшілік әдістерінен демократиялық әдістерге көшу, сондай-ақ, шаруашылық есепті кеңінен негіздеу болды. Үкімет ауылшаруашылық саласын дамудың принципіалды жаңа жолына көшіруді көздеді. Олай болса ауылшаруашылығы мамандарын дайындау үлкен саясатқа айналды. Арнайы оқу орындары ашылды, ғылыми кадрлар дайындау жүйесі қалыптасты.

Арнайы оқу орындары ғылыми-кафедраларға қат, сондықтан Ә. Ш. Шамғонов сияқты үздік студенттерді кафедраларға алып қалып, әрі қарай ғалым болып қалыптасуына жол ашты. Әскерғали Шамғонов 1968-1970 жылдары «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасында ассистент болып жұмыс бастап, 1971 жылы Волгоград ауыл-шаруашылық институт жанындағы арнайы аспирантураны бітіріп, 1973 жылы ғылым кандидаты дәрежесін қорғайды. Негізгі зерттелген проблема – ауылшаруашылық ұжымдарындағы қоғамдық қорларды тиімді пайдаланып, есепті ұйымдастыруды жетілдіру.

1973 жылы институтқа оралып, «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасады. Ол кезде бұл мамандыққа 50 адам күндізгі бөлімге және сырттай бөлімге де осынша адам алынды. Кафедрада Вишневская А. П., Гришина С. Ф., Бисенов С. Х., Гринченко А. Ф., Айдарова А. Н., Шульманова Р. Н., сияқты маман кадрлар жұмыс жасады.

1974 жылы Ә. Шамғонов кафедра басқарған кезден бастап, кафедраның материалдық және оқыту әдістемелік базасы нығайтып, өте жоғары деңгейде маман-есепшілер даярланды. Кафедра оқу-әдістемелік жұмыспен қатар ғылыми ізденістермен айналысты, бақылау мен есептің чектік формасын енгізу үшін келісім-шарт жұмыстарын атқарды. Орал, Атырау, Ақтөбе облыстарындағы ұжымдарға бақылаудың чектік формаларын енгізуде. Ә. Ш. Шамғоновтың басшылық ісі айта қаларлықтай. Жалпы бухгалтерлік есеп кафедрасында дәстүрге айналған адамгершілік, жанында жүрген әріптесінді қадірмен құрметтеу, қажет болса әзілді де үйлестіре қолдану сияқты әмбебап құндылықтар Әскерғали Шамғоновтың үлгісінен дерсің.

1993 жылы экономикалық факультет құрамынан «Қаржы және бухгалтерлік есеп» факультет болып бөлініп шыққанда аймақтағы білікті тәжірибелі ғалым Ә. Ш. Шамғонов

декан болып тағайындалды. Факультет құрылымында «Бухгалтерлік есеп және аудит» (меңгеруші доцент Б. Г. Искакова), «Қаржы және несие» (меңгеруші доцент Г. В. Жирова), «Экономикадағы информациялық технология» (меңгерушісі доцент А. А. Айдаралиева) кафедралары негізінде:

070640- «Қаржы және кредит»

070740- «Бухгалтерлік есеп және аудит»

091340- «Экономикадағы информациялық жүйе»

541530- «Информациялық жүйе» (бакалавриат)

мамандықтары бойынша мамандар даярланды. Факультет деканы шаруасы бастан асып жатса да, Ә. Ш. Шамғонов ұжымды байсалды басқара отырып, әр-алуан озық әдістер мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдіс-кеңесін аямады. Он жылдан астам факультет басқару өзін де тұлға, әдіскер ретінде өсірді, шынықтырды. Факультет құрамындағы кафедра меңгеруші ғалым қыздарын өз туысындай құрметтеп, әлі күнге дейін қатты сыйлауда.

1981-1987 ж.ж. Ә. Ш. Шамғонов институт, партия комитетінің хатшысы. 80 жылдар ел тарихындағы күрделі қайта құрулар кезеңі, партия тарапынан жұмыстың мүлде жаңа принциптері ұсынылуда, қоғамдық көзқарас, саяси белсенділік артуда, міне осындай өтпелі қайта құрулар кезеңінде Ә. Ш. Шамғонов институттағы қоғамдық саяси қызметтерді үйлесімді демократиялық әдістермен ұйымдастыра білді. Қоғамдық саяси белсенді тұлғалар қалыптасты, институт құрылымы басшылары даярланды

Ә. Ш. Шамғонов Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университет профессоры, 1996 жылы Жаратылыстану академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Профессор Ә. Ш. Шамғонов университеттегі 42 жылдан астам уақыт аралығында бухгалтерлік есеп мамандығы бойынша жоғары білімді кадрлар дайындауда жемісті еңбек етуде.

Профессор Ә. Ш. Шамғоновтың ғылыми басшылығымен 300-ге жақын дипломдық жұмыс, 2 аспирант кандидаттық дәрежедегі диссертация, 5 магистрлік диссертация қорғалды. Ол экономикалық және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша 100-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектердің авторы.


Белсенді қызметі үшін ҚР білім және ғылым министрлігінің, ауыл-шаруашылығы министрлігінің құрмет грамоталарымен, жоғары білім беру саласындағы үздік еңбек белгісімен және облыстық, қалалық партия ұйымдары грамоталарымен марапатталды. 1982-1985 ж.ж. Орал қаласы, Лениндік аудандық Кеңестің депутаты.

Қандай ел болсын, оның азаматтарының патриоттық сана-сезімнің векторы елдік негізде болмақ. Ә. Ш. Шамғонов та ұлттық көзқарастары айқын, елім, жерім деп жүрген азамат.

Шамғонов Әскерғали Шамғонұлының өмір жолы

- 1941** 30 қаңтарда Қаратөбе ауданының Қалдығайты совхозы Темірбек ауылында дүниеге келген
- 1947** Крупская атындағы колхозда бастауыш мектепке барып, 1957 жылы Қаратөбе орта мектебін, кейіннен (Мұхит атындағы) күміс медалмен бітірді
- 1957** Қаратөбе ауданының Қаратөбе совхозында жұмысшы сосын есепші болып жұмыс істеді
- 1958-1961** Ақтөбе теміржол техникумын бітірді
- 1961-1964** Кеңес армиясы қатарында өз борышын атқарды
- 1964-1968** Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының экономика факультетінің «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау» мамандығын үздік дипломмен аяқтады
- 1969-1971** Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасының ассистенті
- 1971-1973** Волгоград ауылшаруашылық институтының «Бухгалтерлік есеп» кафедрасының аспиранты
- 1973** Волгоград ауылшаруашылық институтында кандидаттық диссертация қорғады
- 1973-1975** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және статистика» кафедрасының аға оқытушысы
- 1975-1981** осы кафедраның меңгерушісі, доцент
- 1981-1986** БҚАШИ партия ұйымының хатшысы
- 1986-1993** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі
- 1993-2004** БҚАШИ «Бухгалтерлік есеп және қаржы» факультетінің деканы
- 1996** Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі
- 2004-2007** Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Есеп және аудит» кафедрасының профессоры
- 2008** Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Есеп және аудит» кафедрасының меңгерушісі
- 2009** қазіргі уақытқа дейін кафедра профессоры

Әскерғали Шамғоновтың шежіресі



Бір кездегі ауыл шаруашылық институтының, қазіргі аграрлық-техникалық университетінің таңдаулы ұстаздарының бірі, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Әскерғали Шамғонұлы Шамғонов жаңа 2011 жылдың басында 70 жасқа толғалы отыр. Ол институтқа түспей тұрып, туған кеңшарында есепші болып істей бастаған. Мектепте сандармен дос болып, болашақта кім болары, сөйтіп, өзінен өзі анықталған. Мектепті күміс медальмен бітірсе де бірден қалаған мамандығы бойынша оқуға түсудің мүмкіндігі болмай, әскер қатарында борышын өтеуге аттанады. Армиядан келген соң 1964 жылы жаңадан ашылған ауыл шаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түседі және бірден «ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығын таңдайды. Әскерғали Шамғонұлының мен білетін бір қасиетті - не істесе де ойлап - пішіп, аспай-саспай істейтіні. Мұндай қасиет өзін өзі танылған, өзіне өзі сенімді, мүмкіндігін болжап білетін адамдарға тән болса керек. Әскерғали Шамғонұлының аспирантураға түсіп оны ойдағыдай аяқтауына бұл өмірден өткен Зәру жеңгеміздің еңбегі зор. Өйткені, екі баламен қалып қиыншылықтарға қарамай оқуына мүмкіншілік жасағанының өзі ерлік деп ойлаймын.

Әсекеңнің бүкіл ғұмыры, өсіп жетілу белестері осы оқу орнымен тығыз байланысты. Осында жүріп, ол ұстаздық қызметпен бірге ғылыммен тиянақты айналысты. Волгоград ауыл шаруашылық институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертация қорғады, ассистенттен аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан лауазымдарына дейін өсті, профессор атағына ие болды. Студенттері, магистранттары оны тек «біздің профессор» деп атайды. Қай жұмыста да ол өзін нағыз профессионал, мамандықтың қырын-сырын бүге-шегесіне дейін білетін ұстаз, шебер ұйымдастырушы, қамқор тәрбиеші ретінде көрсете білді. Облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары Тілепберген Қаюповпен әңгімелескенімізде ол кісі Әсекең туралы: «Біз институтта оқыған кездегі деканымыз Әскерғали Шамғонұлы бізге құдды әкеміздей қамқоршы болды, біздің адам болып қалыптасуымызға көп еңбек сіңірді. Деканның өзі студенттерге солай қарағасын, басқа оқытушылар да оқуда да, тәрбие ісінде де немқұрайлылық танытқан жоқ».

Шынында, да Әсекең үшін студенттердің жақсы маман болып шыққаны аз, олар сонымен бірге адам болып, әр нәрсеге жан-жақты қарайтын тұлға болып өскені абзал. Қаржыгер - жай есепші емес - есептеуді компьютерге де тапсыруға болады - оған ұстамды, ізденгіш, табанды, қажет болса, қатыгез де болуға тура келеді. Өйткені ол өз мекемесінің, ұжымының, қала берді, мемлекеттің қамын ойлайды. Қаржының орнымен, дәл, ысырапсыз, тиімді жұмсалуды қадағалайды.

Атақты грек математигі, философы Пифагор айтады екен: «санда да көп мән бар» деп. Санның аржағында сапа тұрады. Сан мен сапа бірігіп шаманы құрайды. Ал әр нәрсенің шамасын білмесең, ісің оңға баспайды. Әсекең де санмен сырласқанды жақсы көреді. Сондықтан да болар Әскерғали ағамыздың дәрістері, практикалық сабақтары өте қызғылықты әрі мазмұнды болып өтеді. Болашақ экономистер, қаржыгерлер бұл кісінің сабағын қалт жібермеуге тырысады. Профессор ағаларының қамын ойлап, дәріске, сабаққа

қажетті жағдайлардың бәрін жасайды, тіпті «ағамызға салқын тиіп қалар» деп, ол келгенде терезені жаба бастайды екен.

Әскерғали Шамғонұлының тазалығына, туралығына, адалдығына қарап, бір кезде Кеңес заманында институт коммунистері оған бірауыздан сенім білдіріп, екі рет партком секретары етіп сайлайды. Бұл жұмысты да ағамыз абыройлы атқарды. Сол кезде облыс, қала көлемінде институттың беделі өте жоғары болды. Белсенді партиялық, идеологиялық қызметі үшін Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыстық, қалалық партия ұйымының Құрметті грамоталарымен марапатталды. Аудандық кеңестің депутаты болды. Хатшы болып жүргенде де Әсекең факультетінен, студенттерінен қол үзген жоқ, дәріс оқып, дипломдық жұмыстарына жетекшілік етті.

Доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан ретінде Әскерғали Шамғонұлы оқытып, тәрбиелеп шығарған жүздеген қаржы мамандары еліміздің жер-жерінде әртүрлі деңгейде жұмыс жасауда. Ішінде әкімдер де, банкирлер де, кәсіпорын басшылары да, салық саласының мамандары да бар.

Профессор Ә. Шамғонов көптеген ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жариялады. Магистранттар мен аспиранттардың жұмыстарына жетекшілік етуде. Екі адам - Г. К. Ахонова, А. А. Қарасаева кандидаттық диссертация қорғады.

Әскерғали Шамғонұлы қазір де ұстаздық, тәлімгерлік қызметін жалғастыруда.

«Ағамызға жеңгеміз сай» дегендей, Әсекеңнің жұбайы - Хамида Ихсанқызы да - ұстаз, тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ұзақ жылдар бойы М. Өтемісов атындағы мемлекеттік университетте (бұрынғы Орал пединституты) декан, кафедра меңгерушісі, доцент болып жұмыс істеп келеді. Алғыр, оқытушылармен, студенттермен, жақын-жуық жолдастарымен тіл табысып, жұмыс істей білетін, үйдің де, түздің де жұмысын тындыра алатын белсенді жан. Әсекеңнің әр кезде де күйлі шалт, көңілі көтеріңкі болып жүретіні жеңгемізге байланысты болса керек.

Әскерғали Шамғонұлының мерейлі жасына байланысты тілеріміз - дені сау болып, Хамида Ихсанқызының, балалары мен немере-жиендерінің қасында, әріптестері мен студенттерінің арасында, ұзақ жылдар жасап, жемісті еңбегі жалғаса берсе екен дейміз.

ДРУЖБА ДЛИНОЮ ПОЛВЕКА

Макашев Т.К.

г. Москва.

13.11.2010 г.

Друга выбрать человек старается
Чтобы в выборе во век не каяться

Если бы мы с Аскером взявшись друг друга за руки, за это время нашей дружбы, могли обогнуть земной шар (пешком) по экватору 16 раз, при условии по 8 часов в день, со скоростью 5 км/час.

Мы с Аскером сошлись на этом пути в июне 1961 года, когда с ним поехали в Алма-Ату, поступать в Казахский Государственный сельскохозяйственный институт, в механический факультет, чтобы по окончании вернуться в родные края, где не хватало специалистов, особенно инженеров. Жили мы втроем (Аскер, Исатай и я) у заслуженной певицы Абиловой Нагимы в районе Тастак.

Мы сдали документы в приемную комиссию и ходили в подготовительные курсы при институте. С 1-го по 15 августа сдавали вступительные экзамены, сдали очень хорошо, набрали намного выше проходного балла. И ждали конкурсную комиссию. Но конкурсная комиссия (завернула) отказала по причине, что мы не отработали сроки согласно Постановлению Совета Министров СССР, где предписано было по окончании училища, техникумов должны были отрабатывать соответствующие сроки.

Так как, Аскер окончил Актюбинский железнодорожный техникум, а я в Уральске училище механизации сельского хозяйства №8. Нам дали справки с указанием сданных экзаменов, позволившие через год поступить без экзаменов.

Нам было трудно вернуться домой, ведь людям сложно объяснить по какой причине мы не поступили и решили идти в армию там же в Алма-Ате.

Пошли мы с Аскером в райвоенкомат Сталинского района Алма-Аты, но там нам показали на дверь, так как мы на военном учете состоим в Уральской области, езжайте туда и там вас отправят в армию. Нам родители обещали деньги, если мы поступим в институт. Раз мы не поступили, не могли просить деньги, нам было совестно. Создалось безвыходное положение: во-первых, нас не берут в армию, а во-вторых, у нас нет средств, чтобы вернуться домой. Что делать? Решили любыми путями заработать деньги на дорогу. Единственный путь - пошли на вокзал «разгружать вагоны».

Оказалось это тоже не просто. На вокзале своя бригада. Долго бродили, торговались с бригадирами и, в конце концов, мы вынуждены были соглашаться с их условием - «полцены». Две недели с утра до вечера разгружали уголь, соль и др. Это был адский труд, но мы выдержали и «заработали» на обратный путь. И мы вернулись домой в начале сентября.

Не успели приехать и нас вызвали в райвоенкомат и вручили повестку, где было прописано явиться с вещами 16-го ноября в райвоенкомат. На наши просьбы, что мы через год должны поступать в институт без экзаменов, на ссылки о том, что в этом же Постановлении сказано: «не имеет право поступать в институты и Министерство обороны не имеет право забирать в армию, пока не отработает положенные сроки по окончании выше указанных учебных заведений».

Однако мы не сумели доказать никому и нас 16-го ноября 1961 г. Отправили на грузовом автомобиле в областной военкомат, в г. Уральске.

После прохождения комиссии нас посадили в железнодорожный состав и отправили. В составе были призывники Актюбинской, Гурьевской и Уральской областей. И через неделю мы оказались в Москве. Из вокзала нас грузовых автомобилях привезли в отправной пункт. Через часа два по спискам нас начали распределять кого куда. Я попал в Отдельную Роту Охраны Военной Академии им. М.В. Фрунзе, находящееся в Хамовнической казарме. А

Аскер попал в сержантскую школу в г. Звенигород, мы нашли друг друга по письмам из дома. Тогда служба в рядах Советской Армии была 3 года.

Служба проходила своим чередом, Аскер по окончании сержантской школы по рекомендации руководства школы был оставлен в этой же сержантской школе и 2 года готовил сержантов для Советской Армии в звании старшего сержанта.

Прошел ещё один этап жизни - студенческий.

В 1964 году, после демобилизации Аскер поехал и поступил в Саратовский экономический институт, я Московский институт инженеров сельского хозяйства имени В.П. Горячкина.

Аскер ещё со школьных времен познакомился с будущей супругой Зару. Пришло время «жаркое» она поставила ультиматум: «я или учеба в Саратове» Аскер как благоразумный человек уступил своей невесте, перевелся с Саратовского экономического в Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт в экономический факультет.

Кстати, в это время на этом факультете этого института училась на 1-ом курсе моя будущая супруга - Станова Калиса Бахитовна. И они оказались в одной группе.

Потом свадьба у них и пошла рутинная семейная жизнь одновременно с учебой в институте.

Но Аскера трудности не испугали. Учеба тем более, так как он окончил школу с серебряной медалью.

В декабре 1968 года Аскер с отличием окончил институт. Ему предложили остаться в институте в качестве преподавателя. Он дал согласие и с этого момента началась педагогическая деятельность. Потом аспирантура, защита кандидатской диссертации - получил учёную степень кандидата экономических наук. Прошел все этапы педагога от старшего преподавателя до профессора, был секретарем парткома института, заведующим кафедрой, деканом факультета.

Одновременно воспитал дочку Дану и сына Аскара. Он прекрасный, добрый отец. Теперь имеет внуков и внучек. В жизни все гладко не бывает. У него было тяжелое испытание - умерла молодая жена - Зару. Он остался с двумя детьми. Конечно, тяжело перенес утрату, но выдержал и выстоял ради своих детей.

Судьба свела его с Хамидой Ихсановной. Они вместе вырастили детей дали им прекрасное образование, дочку выдали замуж, сына поженили.

Теперь они все свои силы и нежности отдают воспитанию внуков и внучки.

Аскер был всегда добрым и отзывчивым, прекрасным педагогом. За столь длительное время работы в институте он воспитал целую плеяду прекрасных экономистов, бухгалтеров и аудиторов.

Мы дружили почти полвека, но мы никогда не прерывали нашу дружбу, хотя мы жили на расстоянии. Он в Уральске, я в Москве.

Наша дружба настолько крепка, она могла быть примером молодому поколению.

Мы всегда дружили семьей. По принципу: наш дом ваш дом, ваш дом наш дом.

Мне кажется, что наша полувековая дружба переросла в родство. Мы стали с Аскером как братья. Если в течение года хоть раз не свидимся мы скучали, и были такие ощущения как будто чего-то не хватало. Телефонная связь не прерывалась никогда. Как в той песне горе и радости делили пополам. С приближением его юбилея хочу пожелать своему «брату» крепкого здоровья и долголетия. И тем самым если наша дружба дотянула до «золотой» даты, то мы могли взять легко без отказов, если сказать языком автомобильным, наших агрегатов следующий рубеж «Бриллиантовый»

ДОС

Юсипов Құрманғали Қадыралиевич
Батыс Қазақстан облыстық оқу бөлімінің
меңгерушісі болған, қазір зейнеткер

Баукең (Бауыржан Момышұлы) ұстазы генерал Панфилов туралы кітап жазбақ болғанда Мәскеуге сапар шеккен. Демек оған бірден жазу оңайға түспесе керек. Менің де сондай жағдай кешіп отырған жағдайым бар. Әскерғали туралы айтар болсам екеуміздің таныстығымыз өткен ғасырдың сонау алпысыншы жылдары болатын. Жасы менен сәл кішілеу бола тұра Кеңес армиясына қатар шақырылды, әскерде бірге болдық. Сондықтан ол менің досым, замандас құрдасым деп айта аламын, жақсы білемін, бірақ бәрін тізіп жатпай тек армияда қызмет еткен кезін еске алғым келді. Өйткені батыс қазақстандықтар бүгінде Әскерғалиды жақсы біледі. Бірақ басқаша болу мүмкін емес еді. Жиырмаға жетер-жетпес Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жігіттердің бір қарағанда бәрі бірдей. Қаншама ұлттың өкілдері бар. Соған қарамастан Әскерғали өзін қазіргі тілмен айтсақ көшбасшы екенін бірден танытты. Мен комсомол ұйымының хатшысы болуым да, ол қоғамдық жұмыстардың жетекшісі болды. Өлең айтып, домбыра тартумен де көзге түсті. Бос уақыт болып кездесе қалғанда екеуара әңгімеден-ақ оның болашақ туралы, туған жер туралы ойлары менің көңілімнен шығатын. Әрине, ол кезде армия қатарында жүрген жастардың көбіне жоғарғы оқу орнына түсуді арман ету тән болатын. Алайда Әскерғали арман етіп қоймай оған жету жолында жұмыстанған жан. Ол өзі секілді жауынгерлер ойын әскери бөлім басшыларына жеткізіп, Отан алдындағы борышын өтеп жүріп дайындалды. Командирлер бөлме беріп, оқулықтар бөліп, тиісті адамдар шығарды. Нәтижесінде өзі де анау-мынау емес Саратовтың экономикалық институтына оқуға түсті.

Міне, оған деген тән табандылық қасиеттерді сол кезде ақ байқаған болатынмын. Менің досқа деген үмітім ақталды. Сол уақыттан бері 50 жылға таяу уақыт өтседе, арамыз үзілмей жақсы жолдас болып жатқан жағдайлардың бәріне де жақсы тілекпен көңілімізді білдіріп қатар жүріп жатырмыз. Әскерғали бүгінде ғылымға, мамандар даярлауға еңбек сіңірген үлкен ғалым. Оның жақсы қасиеттері ұрпақтарына, шәкірттеріне жұғысты болсын деймін!

«№ 1 бухгалтер»

Т. Х. Рысқалиев - философия ғылымдарының докторы,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ профессоры

Соғыс жылдарында дүниеге келіп, балалық шағын еліміздегі ең қиын-қыстау кезеңде өткізген Әскерғали Шамғонов бүгінде - Қазақстанның батыс өңіріндегі танымал ғалым, ұстаз, азамат.

Балалық шағы туралы ол былай әңгімелейді: «Бастауыш мектеп біздің үйден алты шақырым жерде болды. Қысы-жазы соған жаяу барып оқып жүрдік. Кейде шаршап, жолда ұйықтап та қаламыз. «Үйден алып шыққан ірімшігімізді қайтарда жейік» деп жолдағы қираған үйдің тастарының арасына тығып кетеміз. «Осындайда мінетін өгіз болса-шы» деп армандайтын едік.

Анамыз колхозда сауыншы болып істеді 20 бас сиырды сауып, бағып, күтіп, бұзауын өлтірмей өсірсе, жыл аяғында еңбегінің ақысы ретінде бір бұзау береді. Біз үйдегі балалар «бұзау өлмесе екен» деп тілейтін едік.

Мектеп – интернатта жатып оқыған кезде де сол заманның барлық таршылық-тапшылығын жан-тәнімізбен сезіндік. Аядай бір бөлмеде 30 шақты балалар жатамыз. Ересек балалар жатып алса, кішірек біздерге орын да болмайды. Сонда тәрбиеші біздерді бір саңылауға тығып әрең деп орын тауып беретін».

Осындай жағдайда 6 жастан бастап оқыған Әскерғали орта мектепті күміс медальмен бітіріп, бірден институтқа оқуға мүмкіндік болмай, «Қаратөбе» совхозында есепші болып қызмет істейді. Сөйтіп оның болашақта кім болатыны ойда жоқта өздігінен анықталады: экономист-бухгалтер болу. Әскер қатарында өз борышын өтеп келгеннен кейін 1964 жылы жаңадан құрылған ауыл шаруашылық институтының экономика факультетіне оқуға түседі. Сол жылдан бастап, факультет «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша мамандар даярлай бастады. Содан бері Әсекең институтпен бірге өсіп, есейіп, қабілетін, білімін, тәжірибесін сарқа жұмсап келеді. Оның бүкіл ғұмыры, тағдыры, жетістіктері институтпен, қазіргі аграрлық университетпен тығыз байланысты.

Институтты үздік бітірген Ә.Шамғонов бірден институтта қалдырылып, бухгалтерлік есеп және статистика кафедрасына ассистент болып орналасады. Екі жылдан кейін 1971 жылы Волгоградтың ауыл шаруашылық институтының аспирантурасына оқуға жіберіледі. Мерзімінен бұрын кандидаттық диссертация қорғап, институтқа экономика ғылымдарының кандидаты болып оралады. Әскерғали Шамғонов факультет түлектерінің ішінде бірінші болып кандидаттық диссертация қорғаған адам.

1973 жылдан бері институтта аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы болып қызмет атқарды, профессор атағын алды. Әсекең қазір де өзінің кәсіби қызметінен қол үзген жоқ, университеттегі ұстаздық жолы жалғасуда.

Мектепте, еңбек ұжымында, армияда, институтта Ә.Шамғонов өзін көзі ашық, саяси сауатты, интернационалист, көпшіл, дүниетанымы терең, қоғамдық қызметтен қашпайтын адам ретінде көрсете білді. Бұған оның байыптылығы, әділдігі, шыншылдығы, туралығы қосылып, 1981 жылы институттың коммунистері оны бірауыздан партия комитетінің секретары етіп сайлады. Алты жылдан астам ол институттың партия ұйымын басқарды. Оны екі мерзім бойы секретарь етіп сайлады. Сол кезде институттың да партия ұйымының да партияның облыстық, қалалық, аудандық комитеттерінің алдындағы беделі жоғары болды. Ал Ә.Шамғонов – коммунистерге де, институт ұжымдарына да талап қоя білетін, өнегелі шебер ұйымдастырушы ретінде танылды. Белсенді қызметі үшін Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен, облыстық ауыл шаруашылық кәсіподағының, Орал қалалық партия ұйымының грамоталарымен марапатталды. 1982-1985 жылдары Орал қаласы Ленин аудандық кеңесінің депутаты болды.

Институт партия ұйымы сол кезде адамдармен жұмыс істеуде, мәдени-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, кадр мәселесін шешуде ректоратқа көмекші болып қана қойған жоқ, кейде жолбасшылық рөл атқарып отырды.

Ә. Шамғоновтың әр саладағы қызмет стиліне тән қасиет - жолдастырын, әріптестерін, шәкірттерін сыйлау, оларға сенім арту, оларды түсінуге тырысу, қажет болса – қол ұшын беру. Оның айналасында – кафедрада болсын, деканатта болсын, сабақта болсын – үйлесімді кішігірім климат орнай қалады, ортақ мүдде пайда болады.

Әсекеңнің әдептілігінің, мәдениеттілігінің әсері ме, ол отырған жерде қатты сөз айту, өрескел мінез көрсету ақылға сыймайтын нәрсе. Ә. Шамғонов – қарапайым, байсалды адам. Жұмыста болсын, үйде болсын - дауыс көтеріп, адамды ренжітетін, көңілін қалдыратын сөз айтып, мінез көрсеткен емес. Бірақ сырт көзге жұмсақ, кішіпейіл көрінсе де, іске дегенде, өзінің, өзіне жақын адамдардың аты мен абыройын қорғауға мәрттік, бірбеткейлік танытатынына талай куә болдық. Тағы бір ерекшелігін прагматик деп сипаттауға болады: ол алдына қойған мақсатқа жетудің тура да төте жолын таба біледі.

40 жылдың ішінде Ә. Шамғоновтың алдынан дәрісін, сабағын тыңдап, тәлім-тәрбие алған маман - бухгалтерлер жүздеп саналады және олардың көпшілігі Қазақстанның батыс өңірінде әртүрлі жоғары деңгейде жұмыс жасауда. Олар өздерінің ұстазын «№1 бухгалтер» деп атайды және айрықша қадір тұтады. Солардың ішінде С. Б. Керелбаев – Маңғыстау облысының әкімінің бұрынғы орынбасары, Е. Н. Дубова – Қазақстан халық сақтау банкінің бас бухгалтері, М. Ш. Ермакқалиев – Батыс Қазақстан салық комитетінің бөлім бастығы, К. Айдаров – «Береке» АҚ-нің директоры т.б.

Профессор Ә. Шамғонов жүзге тарта ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жариялады. Оның басшылығымен 200-ден астам дипломдық жұмыстар қорғалды. Ол магистрлар мен аспиранттардың жұмысына жетекшілік етуде. Екі адам – Г. К. Ахонова, А. А. Қарасаева кандидаттық диссертация қорғады.

Әсекеңнің жұбайы – Хамида Ихсанқызы 40 жылдай Махамбет Өтемісұлы атындағы мемлекеттік университетте (бұрынғы Орал педагогикалық институты) ұстаздық етіп келеді, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. Көп жылдар тарих факультетінің деканы, кафедра меңгерушісі болды.

Үнді философиясында, атап айтқанда, буддизмде «нирвана» деген ұғым бар. Нирвана деп адамның өзіне өзі ие болатын, ойлағанын жүзеге асыра алатын, рухани жағынан тазарып, арам ойлардан, ниеттерден арылатын, басқаларды өзіндей көретін, басқаларға жақсылық жасауға әзір тұратын күйге жетуін айтады. Осы мағынада Әскерғали Шамғонұлын да осындай дәрежеге жеткен адам деп есептеуге болады. Бұған қажетті барлық жағдайларды жасап, үй шаруашылығын ұршықтай үйіріп, Әсекеңнің бабын тауып отырған адам – оның жары Хамида Ихсанқызы.

Әсекең мен Хамида бүгінде Асқар, Дана атты балаларды тәрбиелеп, немерелер сүйіп отырған бақытты жандар.

Есть такой УЧИТЕЛЬ - ШАМГОНОВ А. Ш.!

Габдуалиева Раушан Смадиновна
доктор экономических наук, профессор
декан факультета экономики и бизнеса
ЗКАТУ имени Жангир хана

Работа, связанная с преподаванием, всегда считалась одним из наиболее сложных и в то же время почетных занятий. Каждый знает имена выдающихся педагогов и просветителей, таковым является и имя **Аскергали Шамгоновича!!!**

Учитель - не просто профессия, это миссия. Личный пример **Аскергали Шамгоновича**, а в целом, его высоконравственные человеческие качества, требовательность, справедливость, внимательность, надежность - все это делало талантливого педагога и наставника примером для подражания.

Аскергали Шамгонович – обладатель редкой по своей насыщенности и яркости, завидной профессиональной деятельности.

Как ученый с большой буквы он внес неоценимый вклад в развитие экономической науки по проблемам бухгалтерского учета, этому свидетельствуют 100 публикаций, учебно-методических пособий, научных статей. Он встречался и дружил с замечательными людьми, он пользуется неизменным уважением и любовью коллег, его авторитет незыблем и сегодня, а слово по-прежнему весомо.

Дорогой АСКЕРГАЛИ ШАМГОНОВИЧ!!!

**Вы это имя заслужили.
Вы бескорыстием своим
Нас заражали и учили,
Светя другим, сгорать самим.
Не вечна жизнь. Недолог срок людской.
Уходят ветераны на покой.
Мы благодарны им за честный труд.
Их знания и опыт не умрут.
Старению и годам вопреки
За старшими идут ученики.
Идут года. Вращается Земля.
Растят учеников учителя.
Их мудрый взгляд и добрая рука –
Учебник главный для ученика.
Бессмертно дело, непрерывна нить.
Придут старейших юные сменить.
И примут на оставленном посту
Учителей надежду и мечту.
И потому так заповедь крепка:
«Учитель, воспитай ученика!»**

**С уважением ваша студентка, выпускница
экономического факультета 1989 года.**

Учитель, наставник, ученый.

Гришина С. Ф.

кандидат экономических наук,
доцент ЗКГА

А. Ш. Шамгонов - наш терпеливый учитель, добрый наставник, высокий профессионалу, большой и верный друг и коллега для всех кто с ним работал и работает, кто у него учился, отмечает свой славный юбилей, 70 лет со дня рождения.

История его жизни неразрывно связана с историей становления и развития одного из успешных ВУЗов нашего региона, Западно-Казахстанским аграрно-техническим университетом им. Жангир хана.

В те далекие, 60-десятые, в СХИ, на первый поток бухгалтеров-экономистов, поступил неприметный, на первый взгляд, молодой человек из Каратюбы А. Шамгонов. Никто и не предполагал, что своей целеустремленностью, жадой знаний, усидчивостью и трудолюбием он обратил на себя внимание педагогов института. Надо отметить, что коллектив педагогов того времени был очень непростой. Во вновь организованный, в 1963 году, институт в Западном Казахстане, съехались талантливые ученые, педагоги со всех уголков, в то время, Советского Союза. Они сумели увидеть в самом обычном сельском мальчишке будущего талантливого ученого и педагога.

В 1968 году, после окончания ВУЗа, А. Шамгонова оставили на кафедре бухгалтерского учета, в качестве преподавателя, и почти сразу же отправили в очную аспирантуру, которую он успешно окончил и блестяще защитил кандидатскую диссертацию.

Более 40 лет своей жизни А.Ш. преданно "служил своему родному ВУЗу 10 лет заведовал кафедрой бухгалтерского учета, в течении 10 лет являлся деканом учетного факультета, в настоящее время профессор кафедры.

Огромный интеллект, профессионализм, преданность своему делу, трудолюбие, высокий уровень лекторского мастерства позволили А. Шамгонову на протяжении многих лет научно-педагогической деятельности быть примером постоянного совершенствования личности.

Под его руководством была создана одна из самых сильных кафедр института - кафедра бухгалтерского учета. Благодаря огромному труду руководителя кафедры, сплоченный коллектив посветил все силы любимому делу — обучению и воспитанию студенческой молодежи. Личный пример и высоконравственные человеческие качества, требовательность, справедливость, внимательность, надежность — все это делало талантливого педагога и Учителя примером для подражания.

Пройдя все ступени нелегкого преподавательского труда, А.Шамгонов воспитал целую плеяду специалистов и аспирантов в области бухгалтерского учета, которые достойно трудятся в сфере образования, на различных предприятиях, на различных должностях. И всех их объединяет одно — высокий уровень подготовленности.

Как ученый с большой буквы А.Шамгонов внес неоценимый вклад в развитие экономической науки по проблемам бухгалтерского учета, этому свидетельствует около 100 публикаций, учебно-методических пособий, научных статей.

В день Вашего юбилея искренне желаю Вам здоровья, счастья, благополучия и оптимизма, вдохновения и еще многих, многих лет плодотворной работы. Адресую Вам слава философа А. Ф. Лосева «...для интеллигентного человека труд есть праздник вечной молодости и радостного служения общему благоденствию», и пусть он будет бесконечно долгод и результативен для Вас.

Парасат иесі

Айдынов Зейін

«Есеп-қаржы» факультеті деканының
бұрынғы орынбасары

